

А. Б. Аршкенов¹, М. А. Сейтбаева^{1*}**COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
КӘСІБИ КҮЙЗЕЛІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**¹Қарағанды медицина университетінің мейіргерлік білім беру мектебі (Қарағанды, Қазақстан)

*Макпал Амиржановна Сейтбаева – м.м.н., преподаватель школы сестринского образования Медицинского университета Караганды; e-mail: Seitbayeva00@mail.ru, Seytbaeva@qmu.kz, тел.: +77476682511

Мақалада COVID-19 пандемиясы кезінде медицина қызметкерлерінің кәсіби күйзелісінің ерекшеліктері қарастырылған. Жүргізілген шолу, COVID-19 пандемиясының қоғам үшін көптеген жағымсыз салдарларға ие бола отырып, халықтың физикалық, психикалық денсаулығы мен тұрақтылығына ғана кері әсер етіп қоймай, сонымен бірге созылмалы күйзеліс жағдайы барлық медицина қызметкерлері үшін ерекше сынаққа айнала отырып, жаңа форматтағы кәсіби күйзелістің дамуына әкелгенін және оның алдын алу шараларын анықтады.

Кілт сөздер: кәсіби күйзеліс, COVID – 19, медициналық қызметкерлер

COVID-19 әлемдегі ауқымды мәселелердің біріне айналды [5]. Инфекцияны жұқтыру мен өлім-жітімнің жаппай саны оның таралуын шектеу үшін үкімет қабылдаған бірқатар қатаң шараларға қарамастан өсті [5,16]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы енгізген әлемдегі пандемия режимі, жағымсыз оқиғалардың интрузивті қайталануымен, психологиялық қысымның жоғарылауымен және өзін-өзі оқшаулаудың қатаң режимі мен кеңейтілген санитарлық-гигиеналық нормалардың енгізілуімен көрініс тапқан қолайсыз эпидемиологиялық жағдай, инфекцияның ұзақ инкубациялық кезеңі бүкіл әлемдегі бірнеше отбасы мен жеке адамдар арасында алаңдаушылық пен қорқыныштың пайда болуына ықпал етті [3,11]. Қоғам үшін көптеген жағымсыз салдарларға ие бола отырып, COVID-19 пандемиясы халықтың физикалық денсаулығына және психологиялық денсаулығы мен тұрақтылығына ғана емес, сонымен бірге осы пандемия кезіндегі созылмалы күйзеліс жағдайы барлық медицина қызметкерлері үшін ерекше сынаққа айнала отырып, жаңа форматтағы кәсіби күйзелістің дамуына әкелді [14,20].

Медициналық қызметкерлердің жоғары психикалық жүктемеге, пациентке эмпатия деңгейіне қойылатын жоғары талаптарға, адам денсаулығы үшін жауапкершіліктің жоғары деңгейіне, бақылау мен өзгертуге келмейтін көптеген факторларға байланысты емдеу процесінің нәтижесіне жеткіліксіз әсер етуді түсінуінен болатын кәсіби күйзеліс [13] әртүрлі аурулардың, бірінші кезекте жүрек-қан тамыр, эндокриндік және асқазан-ішек жүйесі ауруларының даму қаупімен тығыз байланысты [13,19]. Қызметкерлердің кәсіби күйзеліске ұшырауы миокард инфарктісі мен жүректің ишемиялық ауруының қаупін едәуір арттырады, тіпті егер де науқас қан қысымы мен холестериннің мәндерін бақылап жүрсе де және темекі шегуден бас тартса да [18]. Күйзеліс құрылымында негізгі рөл атқаратын гипоталамус-гипофиз-бүйрек үсті безінің гипофункциясы есебінен күйзеліс және эндокриндік бұзылулардың (семіздік, қант диабеті, құнарлылықтың бұзылуы) байланысы бары

анықталды [13,18]. Асқазан жарасының манифестациясы мен ағымына, тітіркенген ішек синдромына, функционалдық диспепсияға жоғары дәрежеде күйзелістің әсері байқалады [18,19]. Психо-эмоционалдық күйзеліс гипоталамус-гипофиз-бүйрек үсті жүйесінің гипоактивтілігінің дамуымен белгілі бір биохимиялық өзгерістермен (фибринолитикалық қабілеттің төмендеуі, кортизол, дегидроэпиандростерон сульфатының жоғарылауы, кортизол арақатынасының төмендеуі, дексаметазонның төмендеуі) бірге жүреді [8]. Психологиялық салдардың ішінде депрессия белгілерінің жоғары таралуы және медициналық қызметкерлерде суицид қаупінің жоғарылауы байқалады. Shanafelt T.D., et al. басқа да авторлармен бірге скринингтік әдістер бойынша тексерілген медицина қызметкерлерінің 37,8% - ы депрессия бойынша жоғары тәуекел тобында екендігін анықтады [15].

Медицина қызметкерлеріндегі кәсіби күйзеліс медициналық қателіктің жоғары қаупіне, емдеу болжамының нашарлауына, абсентеизмнің өсуіне, жұмыс сағаттарының санын азайтудан бастап мамандықтан кетуге дейін де әкелуі мүмкін [4,6].

Қарқынды дамып келе жатқан COVID-19 пандемиясының жағдайында өзін-өзі оқшаулау, ақпараттың жетіспеушілігі, жоғары өлім және тез дамып келе жатқан асқынулар жағдайында медицина қызметкерлерінің кәсіби күйзелісі ерекше аспектілерге ие болды [3,6,9,17]. Зерттеушілер кәсіби күйзеліске тән белгілердің негізгі топтарынан басқа (физикалық, эмоционалды, мінез-құлық, интеллектуалдық жағдай және әлеуметтік белгілер) осы пандемияға тән факторларды анықтады: әлеуметтік-демографиялық, кәсіби, ұйымдастырушылық, психологиялық және психосоциалдық факторлар [9,17]. Авторлар, әлеуметтік-демографиялық факторларға үйде 15 жасқа дейінгі балалардың болу факторларын (ұзақ уақыт оқшаулану және оларды қараусыз қалдыру салдарынан алаңдаушылықтың болуына байланысты); табыс деңгейі төмен болуын; қатар жүретін қосалқы ауруларының болуын;

COVID-19 зерттеулерінде егде жастағылардың болуын(COVID-19 халыққа жасына қарай аурудың ауыр белгілерінің пайда болуы туралы үнемі хабардар болуына байланысты кері әсер етті) жатқызды. Кәсіби факторларға зардап шеккендермен ұзақ уақыт байланыста болу (мысалы, реанимация қызметкерлері мен медбикелер); аффективті күйдегі пациенттермен үнемі байланыста болу (мысалы, қабылдау бөліміне түскен кезде); мейірбике лауазымы (пациенттердің қанымен және басқа сұйықтықтарымен ұзақ уақыт байланыста болуына байланысты); тәжірибе мен қосымша дайындықтың болмауы ; жалпы білім деңгейінің төмендігі (арнайы білімі жоқ кіші буын мамандары ақпараттық «жұқтыруға»көбірек ұшырағаны байқалды) жатқызылды [3,6]. Зерттеушілердің пікірінше, ұйымдастырушылық факторларға бюджеттің дайын болмауына байланысты персонал үшін қосымша төлемдердің болмауы; персоналдың жетіспеушілігіне байланысты жұмыс орнын тез өзгерту қажеттілігі(мысалы, операциялық мейірбикелер пациенттерді қабылдау бөлімінде қабылдауға мәжбүр болды); арнайы сақтық шаралары (зарарсыздандыру бөлмелері жүйесі арқылы өту, «қызыл аймақта» ауру тарихымен жұмыс істей алмау, жұқтырған аймақтар арасында ауысу үшін ЖҚК (жеке қорғаныс құралдары) өзгерту қажеттілігі); ЖҚК-ның жетіспеуі және оларға еркін қол жетімділіктің болмауы (персоналға сенімсіздік салдарынан) кірді. Сонымен қатар бұл факторға ауруды бақылау шараларының жеткіліксіз ойластырылуы да кірді (мысалы, жаңадан келген пациенттер үшін кіру тестінің болмауы). Психологиялық және психо-әлеуметтік факторларға авторлар өзін-өзі сынаудың жоғары деңгейін атап өтті; өзіндік тиімділіктің төмендеуін; коморбидті психикалық бұзылыстың немесе айқын психологиялық дистрессінің болуын; қоғам тарапынан стигматизацияны жатқызды[17,21].

Медициналық қызметкерлер жұқтыру қаупі жоғары, жақын адамдарынан ажыратылған, физикалық және эмоционалды стресс жағдайында жұмыс істейді және ең ауыр науқастардың өмірі үшін жауап береді [7,22]. Сонымен қатар, кез-келген елде ауруды диагностикалау мен емдеудің нақты сенімді әдістері әлі де жоқ, қоғам, пациенттер және олардың туыстары осы мәселенің шешімін күтуде, бұл медицина қызметкерлері үшін стресстің қосымша көзі болып табылады және осы жағдайда кәсіби күйзелістің тез дамуына әкеледі [10].

Пандемия басталғаннан бастап бүгінгі күнге дейін медицина қызметкерлері жоғары жүктеме жағдайында жұмыс істеуді жалғастыруда, бұл олардың психологиялық жағдайын бағалау қажеттілігін тудырады. Қытайдағы медицина қызметкерлерінің психологиялық әл-ауқатын динамикалық зерттеу мазасыздық және депрессия белгілерінің жоғарылауын көрсетті [3,21]. Пандемияның алғашқы айларында жүргізілген Мәскеуден және Ресейдің басқа аймақтарынан келген медицина қызметкерлерінің кәсіби күйзелісі мен эмоционалды нашарлауын зерттеу

және салыстыру деректерін қамтитын ресейлік зерттеу деректері коронавирустық инфекциясы бар науқастарға көмектесуге қатысқан және осы жұмысқа қатыспаған медицина қызметкерлерінің эмоционалды нашарлауының көрсеткіштерін салыстырды. Зерттеу нәтижесінде, алаңдаушылық және депрессия белгілері көрсеткіштері COVID – 19 жұқтырған науқастармен жұмыс жасаған қызметкерлерде айтарлықтай жоғары болды [1].

Соңғы жылдардағы зерттеу нәтижелерін ескере отырып, көптеген жұмыстар медициналық қызметкерлерде стресстің алдын алу және психикалық денсаулықты жақсарту үшін профилактикалық-терапиялық шараларды әзірлеу және енгізу қажеттілігін растады [8,20,2,12,9].

Атап айтқанда, ұлттық басшылық,COVID – 19 өршуі кезінде шұғыл психологиялық араласу бойынша жұқтырған пациенттермен жұмыс істеген персонал үшін психологиялық реакция бойынша алдын ала тренингтер өткізу, ұйымдастыру-әдістемелік мәселелер бойынша, атап айтқанда «лас аймақ» персоналын облигатты ротациялау, жедел желі бойынша жедел дағдарыс көмегін көрсету, медициналық персоналдың тұрмыстық мәселелерін шешу (медициналық персоналға өзін-өзі оқшаулауға тұрғын үй беру), негізгі қызметкерлерді психологиялық қолдау және көмек көрсету үшін әрбір бөлімшеде психиатрлардан,психологтардан және психиатриялық мейіргерлерден тұратын топтарды құру бойынша жұмыс жасады [4,12,22].

Медицина қызметкерлері үшін эмоционалды күйзелістің алдын алу бойынша ресейлік ұсыныстар [2] психо-эмоционалды күйзеліс туралы жалпы ұсыныстарды қамтыды. Бұл ұсыныс, ең алдымен, өз денсаулығына және физикалық жағдайына қамқорлық жасау, уақтылы демалу және диетаны ұстану; олардың мүмкіндіктері мен шектеулерін барабар бағалау; жұмысқа ғана емес, сонымен қатар олардың жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне де уақыт бөлу; стресстік жағдайлардағы икемділіктің көрінісі және басқа адамдардың ұстанымына шыдамды болуға тырысуға негізделді.

Дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің кәсіби күйзелісін алдын алу бағыттарының бірі психологиялық тренингтер. Рочестер мен Норвегияда кәсіби күйзелістің алдын алу бойынша тренингтің нәтижелері туралы зерттеулер бар. Бұл зерттеуде жаттығулар бастапқыда өте қарқынды болды, аптасына 2,5 сағат сегіз апта, содан кейін айына 2,5 сағат он ай. Тренинг нәтижесінде дәрігерлердің күйзеліс деңгейі төмендеді. Алайда, бақылау топтарымен салыстырмалы деректердің болмауы алынған нәтижелерді қосымша зерттеулерсіз пайдалануға мүмкіндік бермейді [8]. Күйзелістің ұқсас белгілері бар медбикелердің күйзелісінің алдын алу үшін қолданылатын әдіс SMART-терапия әдісі болды, ол жұмыс орнындағы кәсіби күйзеліспен стресс факторларын анықтауды, сондай-ақ релаксация әдістерін қамтитын алдын алу әдістерінің кешенін зерттеуді қарастырады. Бұл

әдістің жоғары тиімділігі көрсетіліп, кәсіби күйзелістің, мазасыздықтың, депрессияның төмендеуіне алып келетіні анықталған[8,20].

Осылайша, жүргізілген зерттеулер COVID-19 пандемиясы кезінде медицина қызметкерлері арасында кәсіби күйзелістің қалыптасу және даму ерекшеліктерін көрсетті. Зерттеу нәтижелері пандемиямен күресудің алдыңғы қатарында тұрған медициналық қызметкерлердің психикалық денсаулығына қатысты үлкен алаңдаушылық тудырады, бұл жеке көзқарасты шешу аясында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік стратегия аясында да маңызды міндет болып табылады, өйткені елдегі медициналық қызметкерлерінің денсаулық жағдайы жалпы қоғам үшін ұзақ мерзімді теріс салдарға әкелуі мүмкін.

Алынған нәтижелер COVID-19 пандемиясы жағдайында жұмыс істейтін медицина қызметкерлері үшін кәсіби күйзеліс бойынша алдын алу-терапиялық шараларды әзірлеу мен енгізудің өзекті қажеттілігін көрсетті.

Мұндай деректер, кәсіби күйзелістің өмірдің психологиялық және әлеуметтік аспектілеріне ғана емес, сонымен бірге физиологиялық жағдайға да әсер ететінін, ал бұл кәсіби күйзелісті аурулар тізіміне енгізу және алдын алу мен емдеу әдістерін әзірлеу мәселесін медицинаның өзекті міндетіне айналдырады.

ӘДЕБИЕТ

- Петриков С.С., Холмогорова А.Б., Суроегина А.Ю., и др. Профессиональное выгорание, симптомы эмоционального неблагополучия и дистресса у медицинских работников во время пандемии COVID-19 // Консультативная психология и психотерапия. – 2020. - № 28(2). – P. 8–45. doi.org/10.17759/cpp.2020280202
- Треушников Н.В., Бачило Е.В., Бородин В.И., и др. Рекомендации для медицинских работников, находящихся в условиях повышенных психоэмоциональных нагрузок в период пандемии COVID-19. Версия 1.0 от 06.05.2020 г.
- Albott CS., Wozniak JR., McGlinch BP. Battle Buddies: Rapid Deployment of a Psychological Resilience Intervention for Health Care Workers During the COVID-19 Pandemic//Anesthesia & Analgesia. – 2020. - Volume 131 - Issue 1. – P. 43-54. doi: 10.1213/ANE.0000000000004912
- Brooks SK, Webster RK, Smith LE, et al. The psychological impact of quarantine and how to reduce it: rapid review of the evidence // Lancet. – 2020. - № 395(10227). – P. 912–920.
- Chen Q., Liang M., Li Y., Guo J. et al. Mental health care for medical staff in China during the COVID-19 outbreak // Lancet Psychiatry. - 2020. - №7(4). – P. 15–16.
- Chung J, Yeung W. Staff Mental Health Self-Assessment During the COVID-19 Outbreak // East Asian Arch Psychiatry. – 2020. – P. 66 – 71.
- Contini C., Mariachiara DN., Nicole B., et al. The novel zoonotic COVID-19 pandemic: An expected global health concern // J Infect Dev Ctries. – 2020. №14(3). – P. 254-264. doi: 10.3855/jidc.12671
- Dong L., Bouey J. Public mental health crisis during COVID-19 pandemic, China // Emerg Infect Dis. – 2020. - №26. – P. 1616-1618.
- H Qiu, Zh Tong, P Ma, et al. Intensive care during the coronavirus epidemic // Intensive Care Med. - 2020. - №46. – P. 576–578. https://doi.org/10.1007/s00134-020-05966
- Kisely S., Warren N., McMahon L., et al. Occurrence, prevention, and management of the psychological effects of emerging virus outbreaks on healthcare workers: rapid review and meta-analysis // BMJ. - 2020. – P. 65-69. doi:10.1136/bmj.m1642 690
- Lai J, Ma S, Wang Y, et al. Factors Associated With Mental Health Outcomes Among Health Care Workers Exposed to Coronavirus Disease 2019 // JAMA Netw Open. – 2020. - № 3(3). - e203976. doi:10.1001/jamanetworkopen.2020.3976
- McKibbin W.J.; Fernando R. The Global Macroeconomic Impacts of COVID-19: Seven Scenarios // SSRN Electron. J. - 2020. – P. 32-36.
- Rajkumar R.P. COVID-19 and mental health: A review of the existing literature // Asian J. Psychiatry. - 2020. – P. 25-27.
- Rongińska T. The prevention of the managers' professional burnout syndrome // Management. - 2011. - Vol. 15. № 1. - P. 101–114.
- Salyers MP, Bonfils KA, Luther L., et al. The Relationship Between Professional Burnout and Quality and Safety in Healthcare: A Meta-Analysis// J Gen Intern Med. – 2017. - № 32(4). – P. 475-482. doi: 10.1007/s11606-016-3886-9
- Shah K, Kamrai D, Mekala H., et al. Focus on mental health during the coronavirus (COVID-19) pandemic: applying learnings from the past outbreaks // Cureus. – 2020. №12. - e7405.
- Shanafelt. Impact of organizational leadership on physician burnout and satisfaction // Mayo Clinic Proceedings. - 2015. - Vol. 90. № 4. - P. 432 - 440. DOI:10.1016/j.mayocp.2015.01.012
- Shishir Paudel, Ganesh Dangal, Anisha Chalise, et al. The Coronavirus Pandemic: What Does the Evidence Show? // J Nepal Health Res Council. – 2020. - №18(1). – P. 1-9. doi: 10.33314/jnhrc.v18i1.2596
- Toker S. Burnout and risk of coronary heart disease: a prospective study of 8838 employees // Psychosomatic Medicine. - 2012. - Vol. 74. № 8. - P. 840–847. DOI:10.1097/psy.0b013e31826c3174
- Verougstraete D., Hachimi Idrissi S. The impact of burn-out on emergency physicians and emergency medicine residents: a systematic review // Acta Clinica Belgica. -2020. - Vol. 75. № 1. - P. 57-79. DOI:10.1080/17843286.2019.1699
- Xue Yin, Lingdan Zeng. A study on the psychological needs of nurses caring for patients with coronavirus disease 2019 from the perspective of the existence, relatedness, and growth theory // Int J Nurs Sci. - 2020. – P. 45 – 48. doi.org/10.1016/j.ijnss.2020.04.002;
- Zhang M. Longitudinal associations of burnout with heart rate variability in patients following acute coronary syndrome: A one year follow-up study // General Hospital Psychiatry.

- 2018. - Vol. 53. - P. 59-64. DOI:10.1016/j.genhosppsych.2018.05.008

REFERENCES

1. Petrikov S.S., Holmogorova A.B., Suroegina A.YU., i dr. Professional'noe vygoranie, simptomny emocional'nogo neblagopoluchiya i distressa u medicinskih rabotnikov vo vremya pidemii COVID-19 // Konsul'tativnaya psihologiya i psihoterapiya. - 2020. - № 28(2). - P. 8-45. doi.org/10.17759/cpp.2020280202

2. Treushnikova N.V., Bachilo E.V., Borodin V.I., i dr.Rekomendacii dlya medicinskih rabotnikov, nahodyashchih'sya v usloviyah povyshennyh psihoemocional'nyh nagruzok v period pandemii COVID-19. Versiya 1.0 ot 06.05.2020 g.

3. Albott CS., Wozniak JR., McGlinch BP. Battle Buddies: Rapid Deployment of a Psychological Resilience Intervention for Health Care Workers During the COVID-19 Pandemic//Anesthesia & Analgesia. - 2020. - Volume 131 - Issue 1. - P. 43-54. doi: 10.1213/ANE.0000000000004912

4. Brooks SK, Webster RK, Smith LE, et al. The psychological impact of quarantine and how to reduce it: rapid review of the evidence // Lancet. - 2020. - № 395(10227). - P. 912-920.

5. Chen Q., Liang M., Li Y., Guo J. et al. Mental health care for medical staff in China during the COVID-19 outbreak // Lancet Psychiatry. - 2020. - №7(4). - P. 15-16.

6. Chung J, Yeung W. Staff Mental Health Self-Assessment During the COVID-19 Outbreak // East Asian Arch Psychiatry. - 2020. - P. 66 - 71.

7. Contini C., Mariachiara DN., Nicole B., et al. The novel zoonotic COVID-19 pandemic: An expected global health concern // J Infect Dev Ctries. - 2020. №14(3). - P. 254-264. doi: 10.3855/jidc.12671

8. Dong L., Bouey J. Public mental health crisis during COVID-19 pandemic, China // Emerg Infect Dis. - 2020. - №26. - P. 1616-1618.

9. H Qiu, Zh Tong, P Ma, et al. Intensive care during the coronavirus epidemic // Intensive Care Med. - 2020. - №46. - P. 576-578. https://doi.org/10.1007/s00134-020-05966

10. Kisely S., Warren N., McMahon L., et al. Occurrence, prevention, and management of the psychological effects of emerging virus outbreaks on healthcare workers: rapid review and meta-analysis // BMJ. - 2020. - P. 65-69. doi:10.1136/bmj.m1642 690

11. Lai J, Ma S, Wang Y, et al. Factors Associated With Mental Health Outcomes Among Health Care

Workers Exposed to Coronavirus Disease 2019 // JAMA Netw Open. - 2020. - № 3(3). - e203976. doi:10.1001/jamanetworkopen.2020.3976

12. McKibbin W.J.; Fernando R. The Global Macroeconomic Impacts of COVID-19: Seven Scenarios // SSRN Electron. J. - 2020. - P. 32-36.

13. Rajkumar R.P.COVID-19 and mental health: A review of the existing Literature //Asian J. Psychiatry. - 2020. - P. 25-27.

14. Rongińska T. The prevention of the managers' professional burnout syndrome // Management. - 2011. - Vol. 15. № 1. - P. 101-114.

15. Salyers MP, Bonfils KA, Luther L, et al. The Relationship Between Professional Burnout and Quality and Safety in Healthcare: A Meta-Analysis// J Gen Intern Med. - 2017. - № 32(4). - P. 475-482. doi: 10.1007/s11606-016-3886-9

16. Shah K., Kamrai D., Mekala H., et al. Focus on mental health during the coronavirus (COVID-19) pandemic: applying learnings from the past outbreaks // Cureus. - 2020. №12. - e7405.

17. Shanafelt. Impact of organizational leadership on physician burnout and satisfaction // Mayo Clinic Proceedings. - 2015. - Vol. 90. № 4. - P. 432 - 440. DOI:10.1016/j.mayocp.2015.01.012

18. Shishir Paudel, Ganesh Dangal, Anisha Chalise, et.al. The Coronavirus Pandemic: What Does the Evidence Show? // J Nepal Health Res Counc. - 2020. - №18(1). - P. 1-9. doi: 10.33314/jnhrc.v18i1.2596

19. Toker. S. Burnout and risk of coronary heart disease: a prospective study of 8838 employees // Psychosomatic Medicine. - 2012. - Vol. 74. № 8. - P. 840-847. DOI:10.1097/psy.0b013e31826c3174

20. Verougstraete D., Hachimi Idrissi S. The impact of burn-out on emergency physicians and emergency medicine residents: a systematic review // Acta Clinica Belgica. -2020. - Vol. 75. № 1. - P. 57-79. DOI:10.1080/17843286.2019.1699

21. Xue Yin, Lingdan Zeng. A study on the psychological needs of nurses caring for patients with coronavirus disease 2019 from the perspective of the existence, relatedness, and growth theory // Int J Nurs Sci. - 2020. - P. 45 - 48. doi.org/10.1016/j.ijnss.2020.04.002;

22. Zhang. M. Longitudinal associations of burnout with heart rate variability in patients following acute coronary syndrome: A one year follow-up study // General Hospital Psychiatry. - 2018. - Vol. 53. - P. 59-64. DOI:10.1016/j.genhosppsych.2018.05.008

Поступила 19.11.2021

A.B. Arshkenov¹, M.A. Seitbayeva¹

FEATURES OF PROFESSIONAL BURNING OF MEDICAL WORKERS DURING THE COVID-19 PANDEMIC

¹School of Nursing Education of Karaganda Medical University (Karaganda, Kazakhstan)

The article discusses the features of occupational stress of medical workers during the COVID-19 pandemic. The conducted review showed that the COVID-19 pandemic, having many negative consequences for society, not only negatively affected the physical, mental health and stability of the population, but also led to the development of professional stress of a new format, turning the state of chronic stress into a unique test for all medical professionals, and measures to prevent it were also considered.

Key words: professional burnout, COVID - 19, medical workers.

А.Б. Аршкенов¹, М.А. Сейтбаева¹

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ
МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ COVID-19

¹Школа сестринского образования Медицинского университета Караганды (Караганда, Казахстан)

В статье рассмотрены особенности профессионального стресса медицинских работников во время пандемии COVID-19. Проведенный обзор показал, что пандемия COVID-19, имея множество негативных последствий для общества, не только отрицательно сказалась на физическом, психическом здоровье и стабильности населения, но и привела к развитию профессионального стресса нового формата, превратив состояние хронического стресса в уникальное испытание для всех медицинских работников, а также были рассмотрены меры по его предотвращению.

Ключевые слова: профессиональное выгорание, COVID – 19, медицинские работники